

АМАНКЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224



АРҚАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ КОНЦЕРТІ



Биыл адамзат тарихындағы ең жойқын соғыстың Ұлы Жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толмақшы. Бұл мерекені жыл бойы атап өткеннің еш артықшылығы жоқ. Себебі бұл Жеңіс - ерекше Жеңіс болды. Уақыттың шапшаңдығына бір мысал - осы болар. Майдангерлер үшін бәрі күні кеше сияқты. Бірақ уақытты кім тоқтатқан?! Ол мәңгі алға зулай бермек. Сол жылы туған сәбилер - ата-әже атанса, ал соғыстың соңғы солдаттары болған уыздай жап-жас жігіттер 89 жасқа келіп отыр. Әрине, олардың қатары селдіреген. Көптеген ауылдарда соғыс ардагерлері мүлде жоқ. Соның бірі - ауданымыздағы 11 ауылдық округтің 10-ы десек, артық емес. Себебі ауданымыздағы аман-есен жүрген қос майдангер - Аманкелді селолық округінде тұрады. Алайда, оларды ауданымыздың барша халқы құрметтеп, ардақ тұтады. Оларға ерекше ілтифат көрсетеді. Өйткені Ұлы Жеңісті алып берген олардың тірісін де, өлісін де құрметтеу - бәріміздің парызымыз. Бізді осы күнге жеткізген сол майдангерлер мен тылда еңбек еткен қариялар және жасөспірімдер. Егер майдангерлер жан алып, жан беріскен сол соғыста - ерлік көрсетпесе, ал тылдағылар өздері аш-жалаңаш жүріп ауылдарда аянбай еңбек етпесе - Ұлы Жеңіс болмас еді. Сондықтан да, бүгінгі ұрпақ сол қаралы жылдарда қайыспаған соғыс және тыл ардагерлерін әрқашан алақанға салып аялауы шарт. Әрине, майданда ерлік көрсеткендер мен тылда - мылтықсыз майданда еңбектің ғажайып үлгісін көрсеткен ақсақалдар мен әжелердің, сол кездегі қыз-бозбалалардың көбі бұл өмірде жоқ. Жер-жерде өтетін Жеңіс мерекесіне арналған іс-шарасында олардың еңбектері мен ерліктері жас ұрпаққа жиі насихатталуы керек. Соғыстағы ерлік, тылдағы ерлік нақты мысалдармен баяндалса қандай ғанибет. Олардың құрметіне жер-жерлерде спектакльдер мен концерттер көрсетіліп жатса, ол да - бір мерей емес пе?! Тоқ етерін айтқанда әсіресе соғыс ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетілгені абзал. Өйткені олар майдан даласында етіктерімен қан кешті, өздері де жауды қанға бояп, Ұлы Жеңісті алып келді.

Осы қағиданы берік ұстанған біздің Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев бұрынғы СССР, бүгінгі ТМД мемлекеттері бойынша Жеңістің 70 жылдығын жоғары деңгейде атап өтуді бірінші болып бастады. Мемлекет басшысы өткен жылдың 26 желтоқсаны күні Қазақстанның барлық соғыс ардагерлерін Жаңа жыл мерекесімен және Жеңістің 70 жылдығының басталуымен арнайы құттықтап, сый-сияпат жасады. Бұл оқиғаны соғыс ардагерлерінің бәрі жоғары бағалады. Елімізге, Елбасымызға өздерінің жүрекжарды алғыстарын білдірді.

Елбасымыздың бұл баста-масын Торғай аймағының халқы да, соның ішінде Аманкелді ауданының жұртшылығы да қызу қолдады. Торғай аймағының орталығы - Арқалық қаласының

ардагерлері де Жеңістің 70 жылдығын атап өтуді ерте бастап кетті. Көп ұлттан тұратын қалалық ардагерлер ұйымын көп жылдардан бері жемісті басқарып келе жатқан жерлесіміз, аймақтың аузы дуалы, сөзі уәлі, сегіз қырлы өнерпаз Кәки Ахан бастаған ардагерлер «Қазына» атты ансамбль құрып, өздерінің өнерлерін шын мәнінде де халықтың қазынасы етіп келе жатқаны белгілі. Бұл ансамбльдің өнері облысымыз бен республикамызға да танылған. Міне, осы Арқалық қаласының ардагерлері таяуда ауданымызға арнайы түрде келіп, жұртшылығымызға өздерінің өнерлерін тамашалатты.

Аталмыш концерт жерлесіміз, қазақтың дүлдүл ақыны Нұрхан Ахметбековтың «Жеңіс» күйімен басталды. Одан соң Ахмет Жұбановтың «Би» және Құрманғазының әйгілі «Адай» күйлері орындалды. Көрермен бұл шығармаларды зор ықыласпен тыңдады.

Концертте Нәзира Онжанова, Ақтоты Әбілова, Кәки Ахан, Қайырден Жиенбаев, Қажыбек Қаненов, Қуанышбай Қазымбеков, Орекен Алмат, Сапар Шәріпұлы, Бейсенбай Ержанов, Сұлтан Тоймағанбетұлы, Қарлығаш Жақыпбекова, Жәнібек Ғапбасов, Зайра Сығаева, Рая Қасеновалардың тамылжыта шырқаған әндері мен өнерлеріне амангелділіктер сүйсіне қол соқты. Әсіресе, әжелерден құрылған әншілер тобы Мария Васильевна Лисенко, Галина Андреевна Кевра, Мария Андреевна Сергеевко, Фариза Әбдікәрімова соғыс әндерінен папури орындап, сондай-ақ жеке нөмірлер шырқауда да тамаша өнер көрсетті. Ал Сапар Шәріпұлы жұрттың шек-сілесін қатырып сықақ оқыса, Қуанышбай Қазымбеков Нұрхан Ахметбековтың атақты «Қарға» дастанын баяғы жырау бабаларымызша күйкылжыта шырқап, халықты бір серпілтіп тастады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, әнші-композитор, облыстық меценаттар клубы тағайындаған «Қазына» сыйлығының лауреаты Жұмағали Сүлейменұлы Өмірбеков Дина Нұрпейсованың «Әсемқоңыр», Дүрияш Жұмабаева Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлерін төгілдіре күмбірлетті. «Жігіттер» (дұрысында ақсақал ағалар) тобының (Қ.Жиенбаев, Қ.Қаненов, Қ.Қазымбеков, С.Шәріпұлы, С.Тоймағанбетұлы, Б.Шоқыпұлы, Б.Ержанов)

орындауындағы әндер де көпшіліктің көп қошеметіне бөленді. Ал жерлесіміз Кәки Ахан сөзін де, әнін де өзі жазған «Ардагерлер» әнін шырқағанда оған әріптестері қосылып, сахнаны мерекеге айналдырып жіберді. Ал Қайырден Жиенбаев ақсақал Сәкен Сейфуллиннің әйгілі «Көкшетауын» өзгеше нақышпен орындап, көпшіліктің көңіліне сұлу Көкшенің кербез табиғаты мен қоса көгілдір көктем ұялатты.

Жалпы концертке қатысқан ардагер өнерпаздардың орындауындағы шырқаған әндер мен оқылған өлеңдер, күмбірлеген күйлер жоғарғы деңгейде болды.

Белгілі ерлі-зайыпты алуан қырлы өнерпаздар Жәнібек Ғапбасов пен Қарлығаш Жақыпбековалар мерекелік концерттің жоғары деңгейде өтуіне көп үлес қосты. Ж.Ғапбасов конференс болып концертті жүргізумен қатар жеке нөмірде ән шырқаса, Қарлығаш баянмен концертті сүйемелдеп ән де шырқады.

Осылайша Арқалық қаласының ардагерлері халық батыры Аманкелді еліне Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында мәнді де сәнді концерт көрсетіп, батыр ата елін бір серпілтіп тастады.

Концерт соңында Аманкелді ауданының әкімі Ж.Қ.Тауенов сахнаға көтеріліп Арқалық қаласы ардагерлерінің концерттік құрамына батыр атындағы өңір халқы атынан алғыс айтып, Құттықтау хат табыс етіп, сый-сияпат жасады. Сонымен қатар 2015 жылы 80 жасқа толғалы отырған жерлесіміз, театр тарлаңы, күйші, әнші-композитор, аудандық М.Қапышев атындағы халық театрының негізін қалаушыларының бірі Кәки Аханды осынау мерейтойының басталуымен құттықтап, оған қазақтың қасиетті қара домбырасын сыйға тарту етті.

Арқалық ардагерлері өнерпаздарын бастап келген К.Ахан ардагер өнерпаздарға және өзіне көрсетілген ниет құрметі үшін аудан халқына және басшылыққа рахмет айтып, Алғыс хат және ескерткіш сыйлық тапсырды.

Мұнан соң, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитұлы да Арқалық ардагерлер ұйымына өзінің алғысын білдірді.

Өз тілішіміз.

Елбасы жүктеген міндет: биліктің халық алдындағы жауапкершілігі

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРДІ

Біздің ауданымызда да ауылдық округ әкімдері өз ауылдарының халқы алдында есеп беруді аяқтап қалды.

Осыған дейін: Амантоғай, Қарасу, Амангелді, Ақсай, Үштоғай, Құмкешу, Байғабыл, Тасты, Қарынсалды ауылдық округтерінің әкімдері Ж.Р.Ильясов, Б.А.Молдашов, М.С.Дихамбаев, Ж.Қ.Алтынсарин, Н.Қ.Әбдіғали, Д.Қ.Айтбаев, Д.Т.Тоқтаров, Қ.Ә.Жұмабаева, М.Н.Әбдіхалықов өз есептерін берді.

Бұл жиналыстардың бәріне аудан әкімі Ж.Қ.Тауенов, аудандық мәслихат хатшысы

Ә.Қ.Саматов, облыстық дін басқармасының басшысы Н.Қ.Нөгербеков, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ж.Ж.Үмбетов және бірқатар аудандық мекеме басшылары қатысты.

Бүгін - 30 қаңтар күні Қабырға және Үрпек ауылдық округтерінде есеп беру жиналыстары өтеді. Осылайша ауылдық округ әкімдерінің есеп беру жиналыстары аяқталады.

Ауылдық округ әкімдерінің есеп беру жиналыстары жайлы материалдар «АА» газетінің келесі нөмірінде жарияланады.



Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы

БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

«Жұмыспен қамту – 2020 жол картасының» үшінші бағыты жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде еңбек әлеуетін дамыту, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының кәсіптік және аумақтық ұтқырлығын арттыру жолымен халықты жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Үшінші бағыттың мынадай құрауыштары бар:

- 1) оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
 - 2) еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.
- Аталған бағыт шеңберінде Бағдарламаға қатысушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көрсетіледі:
- 1) кәсіптік бағдарлану, кәсіп таңдауда көмек, оқу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультация, психологиялық бейімдеу жөніндегі қызметтер;
 - 2) тегін біліктілікті арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарына (бұдан әрі – кәсіптік оқыту) жіберу;
 - 3) кәсіптік оқуға материалдық көмек беру;
 - 4) лайықты бос жұмыс орында-

рын іздеу және жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына орналасуға жәрдемдесу;

- 5) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жеке тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау;
- 6) жастар практикасына жіберілген жеке тұлғаларға еңбекақы төлеу.

Кәсіптік оқыту кәсіптік даярлауды, кәсіптік қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды қамтиды.

Бағдарламаға қатысушылардың кәсіптік оқытуды мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде Жұмыспен қамту орталығы ұйымдастырады және оқу курсының мазмұнына қарай ұзақтығы:

- 1) кәсіптік даярлау жүргізу кезінде – он екі айдан аспайды;
- 2) қайта даярлау кезінде – алты айдан аспайды;
- 3) біліктілікті арттыру кезінде – үш айдан аспайды.

Кәсіптік оқу аяқталғаннан кейін халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларды жұмыс беруші мәлімдеген тұрақты жұмыс орнына жібереді.

2015 жылы қайта даярлау (8 адам) және біліктілікті арттыру (2 адам) курстарына үміткерлер

акпан айында жіберіледі, оқу мерзімі 3 ай. Кәсіптік оқыту (6 адам) курсы қыркүйек айында басталады. Оқимын деген азаматтар мен азаматшалар болса аудандық жұмыспен қамту орталығына келіп, кеңес алуларына, тіркелулеріне болады.

Жастар практикасына жіберу

Жастар практикасына қатысушылардың жалақысын субсидиялау 6 айдан асырмай жүзеге асырылады. Субсидиялау мөлшері, экологиялық үстемелер бойынша төлемдерді есепке алмағанда, айына 18 айлық есептік көрсеткішті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны және банк қызметтерін ескере отырып) құрайды.

Жастар тәжірибесі биылғы жылы наурыз айында басталады. Жоғары және орта-кәсіптік оқу орындарын 2012-2014 жылдары бітірген, өз мамандығы бойынша еш жерде жұмыс істемеген жас мамандар бағдарламаға қатысушы бола алады. Жастар тәжірибесіне қатысып, жұмыс істеймін деген жастарды жұмыспен қамту орталығына шақырамыз. Мекен – жайымыз: Аманкелді с., Майлин көшесі, 18 үй, 2-кабат.

Қ. ТАНАТБАЕВ,
аудандық жұмыспен қамту орталығының инспекторы.

Спорт

АТАҚТЫ ВОЛЕЙБОЛШЫҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР



– барлық жағынан елге үлгі-өнеге болған жайсаң азамат болатын. Ол 10 баланың сүйікті әкесі болды. Қандай қызметте жүрсе де туған ауданының өсіп-өркендеуіне өзінің лайықты үлесін қоса білді. Әсіресе, білім беру мен спорт, мәдениет саласында көп еңбек сіңірді. Бұл 3 саладағы еңбегін бір-бірінен бөліп жату артық. Сегіз қырлы, бір сырлы осындай ел азаматы үшін ауданымыздың құрылғанына 87 жыл және өзінің туғанына 80 жыл толуына орай волейболдан турнир өткізілуі – өте орынды шара болды.

Жарыстың салтанатты ашылуында өңір басшысы Ж.Қ.Таукенов ауданымыздың құрылғанына 87 жыл толуына орай құттықтау сөз сөйледі. Ол рәсімге қатысқан барша қауымды және О.Т.Исмағұловтың 80 жылдығына орай өткізілген волейбол турнирінде бақ сынағалы отырған спортшыларды құттықтады. Аудан халқына еңбекте табыс тіледі. Сол сияқты, волейбол турниріне қатысқан спортшыларға сәтті өнер көрсетуге тілектестігін білдірді.

Сайысқа аудан және ауылдық округ мектептері мен мекемелерінен 15 команда қатынасты. Бірнеше сағатқа созылған сайыс нәтижесінде 1-ші орынды (20 000 теңге) - Ы.Алтынсарин орта мектебінің, 2-ші орынды (15 000 теңге) - Амантоғай ауылының, 3-ші

Таяуда Есірауылындағы Н. Мейірманов атындағы орта мектепте ауданымыздың құрылғанына 87 жыл толу құрметіне орай кезінде Аманкелдіде волейбол ойынының дамуына зор үлес қосқан алғашқы таңдаулы спортшылардың бірі Орынбасар Төлеубайұлы Исмағұловты еске алуға арналып волейбол турнирі өткізілді.

Орынбасар Төлеубайұлы - 1935 жылы туған. Ол бала кезінен жақсы спортшы атанған. Институтты бітіріп келгеннен кейін мешуе қалған ауданымызда спорттың бірнеше түрінің дамуына өз құрбы-құрдастарымен бірге ықпал етті. Волейболды өте шебер ойнады. Замандастары Кәки Ақан, Тәшім Құсайынов, Чапай Хасеновтермен бірге Аманкелді жерінде волейбол ойынының қалыптасып дамуына алғашқы кірпішті қаласты. Көзі тірі замандастары бүгінгі күні Орынбасар Төлеубайұлы туралы жақсы лебізде. Орекен кезінде аудандық мәдениет үйін басқарды. Өмірінің ұзақ жылдары білім беру саласында өтті. Білімді, мәдениетті, бірқалыпты, бір сөзді азамат атанды. Ол ауданымыздағы шебер шахматшылардың бірі болатын. Еңбегі аудандық, облыстық, республикалық оқу-ағарту, спорт мекемелері мен министрліктерінің Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен аталып өтті. Солардың бірі - 2005 жылы Қазақстан Республикасының Президентіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі қоғамдық штабта атқарған жемісті қызметі үшін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Орекенді іскерлігі мен 70 жасқа толуына орай Алғыс хатымен марапаттады. Орекен



орынды (10 000 теңге) - Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің, 4-ші орынды (7 000 теңге) – Н.Мейірманов атындағы орта мектептің волейбол командалары иеленді.

Тартысты да қызықты өткен волейбол турнирінде: «Үздік ойыншы» атағын Сейдин Серік, Сабыров Бактілеу, Құрманбаев Олжас, Мусин Айбек жеңіп алды.

Жарыс қорытындысы бойынша Орынбасар Исмағұловтың іні-қарындастары мен балалары жеңімпаз командалар мен үздік ойыншыларға бағалы сыйлықтарды салтанатты түрде табыс етті. Турнирді қызықтаған барлық қауымға және волейболшыларға табыс тіледі.

Әнет ЖҰМБЕК.

Суреттерде: спорт ардагерлері А.Төлегенов пен Ж.Махатов, ардагер және жас спортшылар бас қосқанда.

Суреттерді түсірген автор.

Ауданымыздың 87 жылдығын құрметіне

«БАЛДЫРҒАН» БАЛАБАҚШАСЫНДА АРДАГЕРМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ОТТИ



Таяуда ауданымыздың құрылуының 87 жылдығына орай «Балдырған» балабақшасында кезінде осы сәбилер мекемесін ұзақ жылдар жемісті басқарып, ұжымды қалыптастырған Сәбираш Бектепқызымен кездесу кеші өтті.

Ол ауданымыздағы балабақшаларда басшылық қызметте болып, өңіріміздің сәбилерін тәрбиелеу ісіне зор үлес қосты. Қызмет еткен ұжымдарында мамандар арасында сыйластық, түсіністік, толеранттық болуын назарда ұстады. Ұжымның әр мүшесімен жақсы тіл табысты. Нәтижесінде балабақша ұжымы бір қолдың саласындай бірлікте жұмыс жасады. Әріптестері Сәбирашты әрдайым құрмет тұтады. Ол қызметтен кеткелі біраз уақыт болса да тәрбиелеген шәкірттері онымен жиі араласады. Оның іс-тәжірибесімен бөліседі. Ия, Сәбираш Бектепқызы қазіргі таңда зейнеткер. Бірақ табиғатынан елгезек, еңбеккер ол бүгінде жеке кәсіпкерлікпен айналысып отыр. «Ермек» атты сауда үйі бар. Бұл үй – А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Мәметова, Сейдахмет акын, Жалдама көшелерінің тұрғындарына қызмет жасайды.

Сәбираш - 4 баланың аяулы анасы, 10 немеренің сүйікті әжесі, ауданымыздың құрметті әйелдерінің бірі. Жүрген жерінде жан-жағына үлгі-өнеге шашып жүреді. Осыны ескерген «Балдырған» балабақшасының басшысы Динара Токтарқызы бастаған ұжым ауданымыздың 87 жылдығы мерекесіне орай Сәбирашпен кездесу өткізді. Кездесу кеші қызықты өтті.

Ол кісінің өмір жолына тоқтала кетсек, Сәбираш Бектепқызы 1953 жылы 8 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келді. 5 сыныпқа дейін Қызылорда қаласында оқып, одан кейін Алматы қаласындағы №9-шы мектеп-интернаттың бітіреді. Содан соң Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түсіп, «Педагогика және психология» факультетін тәмамдайды.

Ол еңбек жолын алғаш 1976 жылы Жезқазған қаласындағы орта мектептердің бірінде тәрбиеші болып бастап, әдіскерлік қызметке көтеріледі. 1977 жылы Амангелді ауданының белді азаматы Әділхан Ерханұлына тұрмысқа шығып, білім беру бөлімінде мектепке дейінгі тәрбие инспекторы болып қызмет атқарады. Өз ортасында беделді болып, жұмысын ерекше ықыласпен атқарып, абырой биігінен көріне біледі. 1986 жылдан бастап балабақшада қызмет атқарып, меңгеруші болып жоғарылайды. Сол жылдары «Балдырған» балабақшасы аудандық, облыстық байқаулардан жүлделі орындар алып, биіктерден көрінеді.

Аудан күні мерекесі қарсаңында өткен «Сыр-сұхбат» бағдарламасында Сәбираш апайға қызықты сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды. Кешке қатысқан ата-аналар да, ұжым мүшелері де, бүлдіршіндер де бір жасап қалды. Кеш соңында балабақша бүлдіршіндері әзірлеген концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылды.

«Балдырған» балабақшасында өткен бұл кездесу кеші ауданымыздағы былайғы балабақшаларға ой салса игі. Себебі, қарапайым бұрынғы басшыны құрметтеп, сыйлау осы балабақшада жақсы көрініс тапты. Сәбираш апайдың шәкірті Динара Токтарқызының ұстазын құрметтеуі – құптарлық бастама. Әдетте көптеген мекемелерде бұрынғы басшыларды елеп-ескеру ойдан шығып кетіп жатады. Демек, бұл тағлым.

Кеш соңында мекеме басшысы Д.Мақтағанова «Балдырған» балабақшасының ашылуына үлес қосқан, осы салада ұзақ жылдар қызмет еткен және ұжымға жақсы үлгі берген бұрынғы басшы, зейнеткер С.Бектепқызына әріптестері атынан алғысын айтып, сый-сияпат жасады. Балабақша ұжымы С.Бектепқызымен естелік суретке түсті.

- Мен өзімнің ұжымыма ризамын. Азды-көпті еңбегімді елеп, құрмет жасағандарына бір жасап қалдым. Бұл балабақша ұжымы – ынтымақты, бірлігі мол ұжым. Оларға бүлдіршіндерді тәрбиелеуде тың жетістіктер тілеймін, еңбектері жана берсін! – деді кеш соңында Сәбираш апай.

Осы орайда аталмыш кешті ұйымдастырған балабақша әдіскері Гүлнар Оспанованың еңбегі зор. Ол кісі «Сыр-сұхбаттың» тағлымды болып өтуін қамтамасыз етті.

Ә.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

Хабарландыру

АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНАТЫН ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ҮШІН

Бірыңғай жер салығын, әлеуметтік салықты, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын аудару мерзімдері :

1. Салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейін есептелген соманы төлеу ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасына дейін.
2. Салық кезеңінің 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін есептелген соманы төлеу есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірілмей жүргізіледі.
3. Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

М.СЕЙТКАМАЛОВ,

Аманкелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы

Біздің сұхбат**АЗАМАТТАРДЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІ АРТУДА**

2015 жылдың 20 қаңтарында Аманкелді аудандық сотының төрағасы Теміржан Сапабекұлы БАЙКИН аудандық «Аманкелді арайы» газетіне арнап брифинг өткізді.

Сот төрағасы талқылайтын сұрақтардың тізімін нақты белгілеп, оларға төмендегідей жауап берді.



- Теміржан Сапабекұлы, ауданымыздың соты 2014 жылдың 12 айында қандай жұмыс атқарды?

- Сұрағыңызға рахмет. Аудандық соттың атқарған жұмыстарына тоқтайтын болсақ, 2014 жылғы 12 айдың статистикалық деректері келесідей: Азаматтық істер бойынша 2014 жылдың өткен мерзімінде аудандық сотқа 315 арыз және 50 материалдар мен ұсыныстар түсті. Арыздардың 18 кері қайтарылды. Барлығы 294 іс аяқталып, қалдықта 2 азаматтық іс қалды. Аяқталған 294 істің ішінде 76 бұйрық, 173 шешім (1 шешім сырттай), 5 ұйғарым қабылданды. 9 іс қараусыз қалдырылды. 50 материалдардың 48

ұйғарым қабылдаумен қаралып, 2 материал кері қайтарылды. Қалдықта материал қалған жоқ. Судьялардың барлығы қалдықта қалған істердің санын барынша азайтты, істердің созбалауына жол бермеуге жұмыс үнемі атқарып келеді. Әкімшілік істерге тоқтайтын болсақ аудандық сотқа 238 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер түсті. Олардың 15 ісі әкімшілік хаттама толтырған органға кері қайтарылды. Барлық қаралғаны 223 тұлғаға қатысты 223 іс. Қаралған 223 іс бойынша 175 әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарылды, 48 әкімшілік іс әр түрлі негіздермен қысқартылды. 175 әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша 8 ескерту, 68 әкімшілік айыппұл, 73 қамауға

алу, 26 көлік құралын басқару құқығынан айыру. Қаралған қылмыстық істердің статистикалық деректеріне сәйкес 2014 жылдың 12 ай мерзімінде аудандық сотқа 18 тұлғаға қатысты 16 қылмыстық іс түсті (1 іс есеп беру кезеңінде қаралған жоқ). Санаттарға бөлгенде 5 – ауыр емес, 11 – ауырлығы орташа қылмыстар. 11 қылмыстық іс медиация рәсімін қолданумен қысқартылды. Қамауға алуға (қамау, үйде қамау, экстрадициялық қамау, қамауды ұзарту туралы) сот санкциясы берілу жөніндегі материалдар түскен жоқ. Мерзімдері бұзылумен қаралған істер болған жоқ. Сонымен қатар биылғы жылдың айта кетерлік көрсеткіші – ол қабылданған сот актілерінің сапасы. Жоғары сот инстанциялардан аудандық соттың актілері бұзылған немесе өзгертілген емес.

- 2013 жылдың 12 айымен салыстыра келгенде биылғы жыл қалайша ерекшеленеді?

- Өте орынды сұрақ. Былтырғы жылмен салыстыра келсек 2014 жылы сотқа түскен қылмыстық істердің саны бір шама азайды. Нақты айтқанда 2013 жылдың 12 айына текті сотқа 30 тұлғаға қатысты 25 іс түскен болатын (1 іс 2012 жылдың қалдығы), ал 2014 жылдың 12 айына текті сотқа 18 тұлғаға қатысты 16 іс ғана түсті, қылмыстық істердің саны 9 іске азайған. Есесіне, 2013 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, азаматтық істердің саны 239 істен 315 іске дейін өскен. Яғни, ауданымыздың көлемінде қылмыстар азайып, азаматтардың өз құқықтарын қалпына келтіру үшін сотқа жүгінулері көбейді. Бұл азаматтардың сотқа деген сенімдерінің артуы және құқықтық мәдениет деңгейінің өсуі деп санаймын.

- Еліміздің қолданыстағы заңнамасына өзгерістер, толықтырулар енгізілуде. Осылар жөнінде оқырмандарымызға не айта аласыз?

- Өзіңіз бақылағандай Республикамыздың заңнамасына біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Солардың ең маңыздысына ерекше назар аударар кеткім келеді. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V Қылмыстық-атқару кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар, мемлекет Басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қарашадағы № 254-V Заңына қол қойып, осы Заң 2015 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілді.

- Теміржан Сапабекұлы, Бұқаралық ақпарат құралдарына арнап ұйымдастырған брифинг үшін және тағылымы мол, сапалық әңгіменізге редакциямыздың атынан алғысымды білдіремін!

- Рахмет! «Аманкелді арайы» газетінің көркейе беруіне, ал оның ұжымы зор творчестволық жетістіктерге жете беруіне және өз оқырмандарын жақсы жаңалықтармен қуанта беруіне тілектеспін.

Сұхбатты жүргізген С.СЫҒАЙ

Прокурорлық қадағалау**Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің жекелеген нормаларын қолдану тәртібі**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 673-баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, қолданысқа енгізілуі үшін өзгеше мерзімдер белгіленген ережелерді қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Бұл орайда, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің орнына қабылданған 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің жекелеген нормаларын қолдану барысында туындайтын мәселелерді атап өту қажет.

Қылмыстық-процестік кодексінің 673-бабына сәйкес, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қылмыстық қудалау органдарына келіп түскен және олар бойынша қылмыстық іс қозғау туралы немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылданбаған қылмыстар туралы арыздар мен хабарлар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күні жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын бөлімшелердің іс жүргізуіндегі жедел есепке алу істерін жүргізу жалғастырыла береді. Тиісті негіздемелер болған кезде осындай жедел есепке алу істерінің материалдары тергеулігі ескеріле отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына беріледі.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күні қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізуіндегі қылмыстық істер осы Кодекске сәйкес олардың тергеулігі өзгергеніне қарамастан, тергеп-тексеру аяқталғанға дейін осы органдардың іс жүргізуінде қалады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін басталған жедел-іздістіру іс-шаралары, тергеу әрекеттері мен процестік

әрекеттер Кодекс күшіне енгізілгенге дейін қолданыста болған тәртіппен аяқталады. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгеннен кейін жедел-іздістіру іс-шаралары, тергеу әрекеттері мен процестік әрекеттер «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін алынған дәлелдемелердің жол берілетіндігі Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған тәртіппен айқындалады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін анықтау және алдын ала тергеу барысында қолданылған бұлтартпау шаралары, мүлікке тыйым салу, лауазымынан шеттету осы Кодексте көзделген тәртіппен оларды өзгерткен, олардың күшін жойған немесе олар тоқтатылған кезге дейін өзінің қолданылуын жалғастыра береді.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күні айыптау қорытындысымен, айыптау хаттамасымен, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасымен, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберілмеген қылмыстық істер осы Кодекстің ережелеріне сәйкес тергеледі, сотқа жіберіледі және оларды бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттар осы Кодекстің ережелеріне сәйкес қарайды.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін айыптау қорытындысымен, айыптау хаттамасымен, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасымен, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа келіп түскен қылмыстық істерді бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттар осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған тәртіппен қарайды.

Осы баптың сегізінші бөлігінде көзделген қылмыстық істерді тергеп-тексеру, осындай істерді

сот прокурорға қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтарған жағдайда, осы Кодексте көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Бірінші сатыдағы сот қабылдаған және осы Кодекс қолданысқа енгізілген күні заңды күшіне енгізілмеген сот актілеріне осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған апелляциялық тәртіппен және мерзімдерде шағым жасалуы мүмкін.

Бірінші сатыдағы сот қабылдаған және осы Кодекс қолданысқа енгізілген күні заңды күшіне енгізілмеген, шағым жасалмаған сот актілері осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған тәртіппен заңды күшіне енеді.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қаралған қылмыстық істер бойынша немесе қаралуы осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін аяқталмаған істер бойынша апелляциялық және кассациялық шағымдар, сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қайта қарауы туралы өтінішхаттар осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған тәртіппен беріледі және қаралады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін тиісті прокурорларға ұсынылған, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау туралы өтінішхаттар осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған тәртіппен қаралады және сотқа беріледі.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін сотқа ұсынылған, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау туралы өтінішхаттарды, сондай-ақ ол қолданысқа енгізілгеннен кейін осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес прокурорлар ұсынған өтінішхаттарды тиісті соттар осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған тәртіппен қарайды.

Аманкелді ауданының
прокуратурасы

2014 жылы Аманкелді ауданының аумағында әлеуметтік-экономикалық салада құқықтық тәртіп пен заңдылықты қадағалау қызметінде атқарылған жұмыстар туралы

Аманкелді ауданының прокуратурасымен 2014 жылы Аманкелді ауданының аумағында әлеуметтік-экономикалық салада құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті прокурорлық қадағалау шаралары жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 2 қыркүйектегі №85 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықтың» талаптарына сәйкес, аудан прокуратурасымен әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бойынша жүргізілген 32 тексерудің нәтижесінде заңдылықтың бұзылуының 124 фактісі анықталды.

Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 29 ұсыныс және 10 наразылық енгізілді, 33 заңды түсіндіру, сотқа 1 талап арыз берілді, 2 тәртіптік өндіріс қозғалды.

Аталған прокурорлық ықпал ету актілерін қарау нәтижесімен 85 тұлға тәртіптік, 6 тұлға әкімшілік және 36 тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды, 34 заңсыз актінің күші жойылды немесе өзгертілді, 13 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды. Аудан прокуратурасының ықпал ету шаралары негізінде жалпы сомасы 5 186 797 теңге, соның ішінде мемлекет кірісіне 5 112 046 теңге және оның ішінде мемлекеттік бюджетке 4 911 446 теңге өндірілді.

Мысалы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуына аудан прокуратурасымен 3 тексеру жүргізіліп, 12 заң бұзушылық фактісі анықталды.

Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 2 ұсыныс енгізіліп, 21 заңды түсіндіру берілді, 1 тәртіптік өндіріс қозғалды.

Прокурорлық ықпал ету шаралары негізінде 5 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылса, мемлекеттік бюджетке 1 685 769

теңге өндірілді.

Сонымен қатар, жер туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 4 тексеру жүргізіліп, 12 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңсыз актіге 1 наразылық келтірілді, заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 4 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен жалпы аумағы 806 га құраған 2 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды, 6 тұлға тәртіптік және 2 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, мемлекеттік бюджетке 1 111 200 теңге өндірілді.

Сонымен бірге, аудан прокуратурасымен денсаулық сақтау туралы заңнаманың, соның ішінде халыққа тегін медициналық көмек көрсету барысында сақталуына, сондай-ақ көрсетілген мақсаттарға бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдалануына қатысты сұрақтар бойынша тексеріс жүргізіліп, тексеру барысында еңбек заңнамасының, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың, басқа да қолданыстағы заңнаманың бірқатар өрескел бұзылу фактілері анықталды.

Аудан прокуратурасының қадағалау актілері бойынша мемлекет кірісіне 768 935 теңге, соның ішінде мемлекеттік бюджетке 568 335 теңге өндірілді, 2 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылса, заңдылықтың бұзылуына жол бергені үшін 6 тұлға тиісті тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ, табиғатты қорғау туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 1 тексеру жүргізіліп, 10 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 4 ұсыныс енгізіліп, прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен 15 тұлға тәртіптік және 1 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, мемлекеттік бюджетке 1 101 240 теңге өндірілді.

Аманкелді ауданының
прокуратурасы

Аудандық мәслихаттың №287 ШЕШІМІ
24 желтоқсан 2014 жыл. Аманкелді ауылы.

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ
ҚАҒИДАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2015 жылғы 22 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5334 болып енгізілді	
Кезекті он үшінші сессия төрағасы А.Ташимов	
Аудандық мәслихат хатшысының уақытша міндетін атқарушы М.Есенова	
КЕЛІСІЛДІ:	
«Аманкелді ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ М.Тобабабулов	
«24» желтоқсан 2014 жыл	
«Аманкелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ М.Сакетов	
«24» желтоқсан 2014 жыл	
Мәслихаттың 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №287 шешімімен бекітілген	

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ ҚАҒИДАСЫ

1.Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Аманкелді ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):
жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;
тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

РЕШЕНИЕ районного маслихата №287
24 декабря 2014 года. с.Амангельды

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ
ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 97 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», Амангельдинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить прилагаемые правила оказания жилищной помощи.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5334, 20 января 2015 года	
Председатель очередной тринадцатой сессии	Ташимов А.
Временно исполняющий обязанности секретаря районного маслихата	Есенова М.

СОГЛАСОВАНО:
Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел занятости и социальных программ акимата Амангельдинского района» _____ Тобабабулов М.
«24» декабря 2014 года

Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел экономики и бюджетного планирования акимата Амангельдинского района» _____ М.Сакетов
«24» декабря 2014 года

Утверждены решением маслихата
от 24 декабря 2014 года №287

ПРАВИЛА ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ

1.Порядок оказания жилищной помощи

1. Жилищная помощь предоставляется за счет средств местного бюджета малообеспеченным семьям (гражданам), постоянно проживающим в Амангельдинском районе, на оплату:
расходов на содержание общего имущества объекта кондоминиума семьям (гражданам), проживающим в приватизированных жилищах или являющимся нанимателями (поднанимателями) жилых помещений (квартир) в государственном жилищном фонде;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге.

2. Тұрғын үй көмегін «Аманкелді ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалының Аманкелді бөліміне (бұдан әрі – ХҚО) немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталына (бұдан әрі – портал) балама негізінде өтініш береді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №185 қаулысымен бекітілген, «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

3. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін көрсету нәтижесін ХҚО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде ұсынады - күнтізбелік 10 (он) күн.

Құжаттар топтамасын ХҚО-ға тапсыру күні тұрғын үй көмегін көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті орган тұрғын үй көмегін көрсету нәтижесін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

4. Өтініш беруші өтініш жасаған тұрғын үй көмегін өтініш беру айынан бастап тағайындалады және көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасаған ағымдағы тоқсанға көрсетіледі.

5. Тұрғын үй көмегі қызметін алушы тұрғын үй көмегін төлеу мөлшерінің өзгеруіне негіз бола алатын мән-жайлары, сондай-ақ оның дұрыс есептелмегені туралы уәкілетті органға хабарлайды.

6. Тұрғын үй көмегі мөлшеріне ықпал ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, (қызмет алушы қайтыс болуын қоспағанда) көрсетілген мән-жайлар түскен күннен бастап қайта есептеу жүргізіледі.

7. Қызмет алушымен ұсынылған табыстардың сәйкессіздігі анықталған жағдайда мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған табыстар туралы мәліметтер есепке алынады.

8. Жалғыз тұратын қызмет алушы қайтыс болған жағдайда, тұрғын үй көмегін төлеу қайтыс болған айдан кейінгі айдан бастап аяқталады;

тұрғын үй көмегін қызмет алушы отбасы мүшесінің бірі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған айдан кейінгі айдан бастап қайта есептеу жүргізіледі;

қайтыс болғанға байланысты төлемдерді тоқтату немесе қайта есептеу уәкілетті орган азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын органынан ай сайын сұратып алатын қайтыс болған адамдардың тізімдері немесе отбасы мүшелері беретін мәліметтер негізінде жүргізіледі.

9. Тұрғын үй көмегін көрсету мәселелері бойынша туындаған келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

2.Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін анықтау

10. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері, тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы

азаматының) жиынтық табысын негізге алғанда уәкілетті органмен анықталады.

11. Белгіленген нормалар шегінде отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстар үлесі жиынтық табыстан он пайыз мөлшерінде белгіленеді.

12. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде алаңның нормасы есепке алынады:

1) бір отбасы мүшесіне – көп бөлмелі тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратындар үшін пайдалы алаңының 18 шаршы метрі және отбасына 9 шаршы метрін қосымша;

бір бөлмелі тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратындар үшін – тұрғын жайдың жалпы алаңы;

2) жалғыз тұратын азаматтар үшін - пайдаланатын алаңына қарамастан нақты алаңынан асырмай 30 шаршы метр, осы норма жатақханалар үшін де қолданылады.

13. Есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін өтем шараларымен қамтамасыз етілетін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді;

егер шығыстарға тарифтер мен нормативтер заңнамамен белгіленген тәртіпте анықталмаса, шығындарды өтеу нақтылы шығыстар бойынша жүргізіледі.

14. Коммуналдық қызметтерді тұтынатын есептегіш құралдары бар тұтынушылар үшін есеп айырысуға қабылданатын шығыстары, өткен тоқсанның немесе қызмет толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсандағы есептегіш құралдардың көрсеткіштері негізінде, бірақ есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін белгіленген коммуналдық қызметтер шығындары нормаларынан аспайтын нақты шығындармен анықталады.

15. Электр қуатын төлеу бойынша шығындарды өтеу бір адамға 100 киловатт, электр плитасы, электр су жылытқыштары бар жатақханалар мен үйлерде бір адамға, 130 киловатт есебінен, бірақ нақты шығындардан асырмай жүргізіледі.

16. Осы Қағидамен белгіленген нормалардан тыс ақысы тұрғын жайдың меншік иелерімен немесе жалдаушыларымен (қосымша жалдаушыларымен) жалпы негізінде жүргізіледі

3. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу тәртібі

17. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ нысаналы ағымдағы трансферттер қаражаты есебінен (олар бөлінген жағдайда) жүзеге асырылады.

18. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін қызмет алушының өтініші бойынша екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы тұрғын үй көмегін қызмет алушының не қызмет көрсетушілердің немесе кондоминиум объектілерін басқару органдарының жеке шоттарына тағайындалған сомаларды аудару жолымен жүзеге асырылады;

шоттарға ақшалай сомаларды аудару уәкілетті органмен ай сайын жүргізіледі.

2.Определение размера оказания жилищной помощи

10. Размер оказания жилищной помощи определяется уполномоченным органом исходя из совокупного дохода семьи (гражданина Республики Казахстан), претендующего на получение жилищной помощи.

11. Доля предельно допустимых расходов семьи (гражданина) в пределах установленных норм устанавливается в размере десяти процентов от совокупного дохода.

12. При назначении жилищной помощи в расчет принимается норма площади:

1) на одного члена семьи – 18 квадратных метров полезной площади, плюс 9 квадратных метров на семью, для проживающих в многоквартирных жилых помещениях (квартирах); для проживающих в однокомнатных жилых помещениях (квартирах) – общая площадь жилища;

2) для одиноко проживающих граждан - 30 квадратных метров независимо от занимаемой площади, но не более фактической, эта же норма применяется для общежитий.

13. Нормативы потребления коммунальных услуг, обеспечиваемых компенсационными мерами для потребителей, не имеющих приборов учета, устанавливаются в соответствии с действующим законодательством.

Если нормативы и тарифы на расходы не определены в установленном законодательством порядке, возмещение затрат производится по фактическим расходам.

14. Расходы, принимаемые к расчету для потребителей, имеющих приборы учета потребления коммунальных услуг, определяются по фактическим затратам за предыдущий квартал или за последний квартал, в котором услуги оказывались в полном объеме, на основании показаний приборов учета, но не более установленных норм расхода коммунальных услуг для потребителей, не имеющих прибора учета.

15. Возмещение расходов по оплате электроэнергии производятся из расчета 100 киловатт на одного человека, в общежитиях и в домах с электрической плитой, электрическими водонагревателями 130 киловатт на одного человека, но не более фактических расходов.

16. Оплата сверх установленной настоящими Правилами нормами производится собственниками или нанимателями (поднанимателями) жилья на общих основаниях.

3.Финансирование и порядок выплаты жилищной помощи

17. Финансирование жилищной помощи осуществляется за счет средств соответствующего местного бюджета, а также за счет средств целевых текущих трансфертов (в случае их выделения).

18. Выплата жилищной помощи осуществляются уполномоченным органом по заявлению услугополучателя жилищной помощи через банки второго уровня, на лицевые счета услугополучателя жилищной помощи, поставщиков услуг, органов управления объектов кондоминиума; перечисление денежных сумм на счета производится уполномоченным органом ежемесячно.

**Аудандық мәслихаттың №288 ШЕШІМІ**
24 желтоқсан 2014 жыл. Аманкелді ауылы.**«АМАНГЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің (Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы) 2012 жылғы 29 қазандағы №410 Жарлығына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған «Амангелді аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2015 жылғы 22 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5333 болып енгізілді

Кезекті он үшінші сессия төрағасы	А.Ташимов
Аудандық мәслихат хатшысының уақытша міндетін атқарушы	М.Есенова

Мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №288 шешімімен бекітілген

«Амангелді аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Амангелді аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) Амангелді аудандық мәслихатын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, депутаттарға олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің ведомстволары жоқ.
3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Мемлекеттік мекеме өз қызыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен аудандық мәслихат хатшысының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.
9. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 110200, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Бейімбет Майлин көшесі, 14.
10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы – «Амангелді аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі.
11. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.
12. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.
13. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: Амангелді аудандық мәслихатының және депутаттардың қызметін қамтамасыз ету.
15. Міндеттері:
1) азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу.
16. Функциялары:
1) жалпы отырыстарға, тұрақты және уақытша комиссия отырыстарына қатысу, мәслихат шешімдерінің, комиссиялардың қорытындыларының және мәслихат шешімдерінің жобаларын әзірлеу мәселелерінде депутаттарға көмек көрсету;
2) «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық сипаттағы мәслихат шешімдерін әділет органына мемлекеттік тіркеуге ресімдеу және ұсыну;
3) мәслихат Регламентіне сәйкес сессия хаттамаларын, шешімдер жинағын ресімдеу;
